

Науырзым ауданының елді мекендерінің шекараларын (шегін) өзгерту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 3 сәуірдегі № 1 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2012 жылғы 3 сәуірдегі № 32 шешімі. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 11 мамырда № 9-16-143 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 мамырдағы № 1 қаулысымен және Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2014 жылғы 20 мамырдағы № 225 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 20.05.2014 № 1 қаулысымен және Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 20.05.2014 № 225 шешімімен (қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 108-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6, 31-баптарына сәйкес, Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Науырзым аудандық м ә с л и х а т ы **Ш Е Ш Т І :**

1. Таратылған Қарақұдық селосының жалпы ауданы - 2334,0 гектар жері алынып, таратылған Шолаққопа селосының жалпы ауданы - 2762,0 гектар жерін қосып, Өлеңді ауылының шекаралары өзгертілсін.
2. Таратылған Қопа, Қазан селоларының жалпы ауданы - 2764,0 гектар жерлерін қосып, Шолақсай селосының шекарасы өзгертілсін.
3. Таратылған Қарақұдық селосының жалпы ауданы - 2352,0 гектар жері алынып, Дәмді ауылының шекарасы өзгертілсін.
4. Таратылған Бестамақ селосының жалпы ауданы - 3384,0 гектар жерін қосып, Мереке селосының шекарасы өзгертілсін.
5. Таратылған Октябрь, Сарышығанақ селоларының жалпы ауданы - 4745,0 гектар жерлері алынып, таратылған Егінсай селосының жалпы ауданы - 965,0 гектар жерін қосып, Қожа селосының шекарасы өзгертілсін.
6. Таратылған Науырзым селосының ауданы - 607,0 гектар, Сарышығанақ селосының ауданы - 3,0 гектар жерлері, № 2 учаскесінің ауданы - 434,0 гектар, №

3 учаскесінің ауданы - 882,0 гектар жерлерінің бір бөліктері Қожа селосының жерлерінен алынып тасталсын.

7. Таратылған Киевка селосының ауданы - 290,0 гектар, Жамбыл селосының ауданы - 1962,0 гектар жерлерінің бір бөлігін алып, Қараменді селолық округіндегі Жамбыл селосының шекарасы өзгертілсін.

8. Таратылған Новостройка селосының жерлерін және таратылған Киевка селосы жерлерінің бір бөлігін қосып, жалпы ауданы - 8162,0 гектар, Жамбыл селосының шекарасы өзгертілсін.

9. Осы қаулы мен шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Балғарин

Сессия төрағасы

М. Күзембаев

А у д а н д ы қ

мәслихаттың хатшысы

Б. Аманбаев